

БЕКІТІЛДІ
«СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ-ның
«№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК
Байқау кеңесінің
2025 жылғы 26 ақпандағы
№1 шешімімен

**«№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК бойынша ақылы медициналық
және медициналық емес қызметтерді көрсету туралы қағидалары**

- 1.1. «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК ақылы қызметтер көрсету туралы осы Қағида Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы медициналық қызметтер көрсету тәртібі мен шартын анықтайды.
- 1.2. Осы ереже медициналық көмектің әр түрлеріне халықтың қажеттілігін барынша толық қанағаттандыру мақсатында, емделушілерге қызметтер көрсету, мамандарды еркін таңдау қағидаттарын сақтау, кәсіпорын қызметінің өндірістік және экономикалық қызығушылықтарын жоғарылату үшін енгізілді және қызметкердің еңбек ақысын төлеуді оның жеке еңбек үлесімен байланыстыруға бағытталған.
- 1.3. Ақылы медициналық қызметтерді көрсету мақсаты тегін медициналық көмектің кепілді көлемінен артық көрсетілетін медициналық көмектің әр түрлеріне халықтың қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады.
- 1.4. Медициналық қызметтер көрсету 2017 жылғы 30 наурызда берілген сериясы №01452 DT Мемлекеттік лицензияға және оған медициналық, дәрігерлік қызмет түрлері бойынша қосымшаларға сәйкес жүргізіледі.
- 1.5. Денсаулық сақтау ұйымдарының ақылы медициналық (амбулаториялық-емханалық, стационарды алмастыратын, зертханалық және басқа да) қызметтер көрсетуге құқығын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер:
 - «Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009.18.09. №193-IV Кодексінің 7-бабы 59 тармақшасы және 202-бабының 8-тармағы;
 - «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығы
 - «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қаулысы.

- «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысы.
- «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV ҚР Заңы;

1.6. «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК, соынмен қатар тікелей қызмет көрсетуші маман азаматтар жүгінген сәттен бастап ақылы медициналық қызметтің уақытылы және сапалы көрсетілуіне жауапты болады.

2. Ақылы қызмет көрсету тәртібі

- 2.1. «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК ақылы негізде көрсетілетін медициналық көмекті (ақылы медициналық қызметтерді) стандарттарға сәйкес шарттық негізде көрсетеді.
- 2.2. Ақылы қызмет түрлері мен баға прейскурантын Байқау кеңесі бекітеді.
- 2.3. Халыққа арналған ақпарат медицина ұйымының интернет ресурсында орналастыру арқылы және көрнекі ақпарат арқылы жеткізіледі:
 - ақылы қызмет көрсетуге денсаулық сақтау ұйымының құқығын реттейтін құқықтық актілерге сілтеме;
 - Ақылы медициналық қызмет көрсетуші медицина қызметкерлерінің біліктілігі туралы мәліметтер (1-қосымша) ;
 - Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында ақылы қызмет көрсетуге қатысатын медицина қызметкерлерінің жұмыс режимі, жұмыс кестесі;
 - Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі және (немесе) Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесі.
- 2.4. ҚР жекелеген азаматтары үшін растайтын құжаттарын көрсеткен жағдайда берілетін жеңілдіктер:
 - ҰОС ардагерлері мен қатысушылар, концлагерь тұтқындары- тегін;
 - I топ мүгедектері (медициналық комиссия) – тегін;
 - II топ мүгедектері (медициналық комиссия)– 50%;
 - ҰОС ардагерлері жеңілдіктері мен кепілдіктеріне теңестірілген тұлғалар (медициналық комиссия)– 50%;
 - бала жасынан мүгедектер (медициналық комиссия) – 50%;
- 2.5. «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК-да келесі жағдайларда ақылы медициналық қызмет көрсетіледі:
 - 1) олардың бастамасы бойынша, оның ішінде бастапқы және қайталама деңгейдегі мамандарға жолдамай медициналық көмек көрсету;

2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету;

3) денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формулярына енгізілмеген дәрілік заттармен емдеу;

4) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмектің тізбесіне кірмейтін және (немесе) медициналық көрсетілімдерсіз медициналық зерттеулер жүргізу;

5) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінде көзделмеген және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру көлемінен тыс медициналық зерттеп-қарау;

- азаматтарды жұмысқа және оқуға түсу үшін медициналық тексеру, көлік құралдарын басқару құқығын алуға үміткер адамдарға медициналық тексерулер жүргізу, тиісті жолдамасыз санаторлық емдеу және басқа да міндетті медициналық тексерулер кезінде;

- «Аалдын ала міндетті медициналық тексеруден оту» мемлекеттік қызметі ҚР ДСМ 15.10.2020 ж. №ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығы негізінде (075/е нысаны бойынша медициналық анықтама) ақылы түрде көрсетіледі; тіркелген жері бойынша 18 жасқа дейінгі балаларға тегін көрсетіледі.

- Пациенттің еркі бойынша анықтама сұрау кезінде;

6) тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарды қоспағанда, шарт бойынша, оның ішінде ерікті медициналық сақтандыру бойынша медициналық көмек көрсету;

7) Кодекстің 83-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға медициналық көмек көрсету арқылы жүзеге асырылады.

2.6. Ақылы негізде медициналық көмек алатын пациенттерге ұйым:

- Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша консультациялық-диагностикалық көмек көрсету кезінде тиісті медицина қызметкерлерінің медициналық қорытынды;

- стационарды алмастыратын көмек көрсету, қалпына келтіру емі және медициналық оңалту кезінде амбулаториялық картадан және ауру тарихынан үзінді көшірме..

- Көрсетілген қызметтің тізімі, саны мен бағасы туралы ақпарат беріледі.

3. Ақылы медициналық қызмет көрсету шарттары

3.1. Пациенттермен есеп айырысу:

- қолма-қол ақшамен есептесу, емхананың кассасы арқылы ақша төлегені үшін кассалық аппарат арқылы фискальді чектің берілуімен;
- «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК-ның «Ақылы қызметтерден түскен қаражат» арнайы есебіне ақша аудару арқылы есептесу;

3.2. Медициналық қызметке ақы төлеу кезінде пациент пен ұйым арасындағы шарт ақылы қызмет көрсеткенге дейін жасалады.

3.3. Төленген сома немесе төленген сома мен көрсетілген қызмет арасындағы айырма сомасы келесі жағдайда қайтарылады:

- қызмет толық көлемде көрсетілмесе (пациент қызметтен бас тартса, жекелеген емшараларға қарсы көрсетілім болса, реактивтің болмауынан медициналық қызмет көрсетілмесе, медициналық аппарат істен шықса, маманның болмауынан және т.б.)

3.4. Медициналық қызметтерге ақы төлеу ТМҚКК шеңберінде және МӘМС жүйесінде тегін медициналық көмек алатын азаматтарға зиян келтіре отырып, кезектен тыс қызмет көрсету құқығын бермейді.

3.5. Ақылы қызмет бағаларының прејскуранты медициналық қызмет көрсетуге байланысты шығындардың барлық түрлерін ескере отырып, оларды өндіруге жұмсалған шығындардың толық өтелуін қамтамасыз ете отырып, қызметтің өзіндік құны мен нарықтық бағалар негізге алына отырып айқындалады. Сондай-ақ кәсіпорынның басқа кірісін тарту мақсатында пайдалы бөлігін ескере отырып. Байқау кеңесімен келіседі.

3.6. «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК-да «Қаржылық есептік халықаралық стандартына сәйкес бухгалтерлік есеп» есеп саясатына сәйкес ТМҚКК мен ақылы медициналық (диагностикалық, басқа) қызметтер көрсету бойынша жеке-жеке бухгалтерлік есеп пен есеп беру жүргізеді.

3.7. Ақылы қызметтер көрсетуден және табыс әкелетін өзге де қызметтен алынған ақшалай қаражат осы қызметтерді ұсынумен байланысты шығыстардың баптарын қаржыландыруға (жалақы, қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына үстемеақылар, салықтар, коммуналдық шығыстар, материалдық шығындар); жас мамандарға тұрғын үйді жалға алу ақысын төлеуге; қажеттіліктерге сәйкес өзге де шығыстарға жіберіледі.

3.8. Ақылы медициналық көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыруға, көрсетуге қатысатын қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу медициналық көмектің нақты көрсетілген көлемі үшін жүзеге асырылады және көрсетілетін қызметтерді алушыдан емхананың кассасына немесе есеп айырысу шотына қаражат түскен жағдайда жүргізіледі, ақылы қызметтер көрсету жөніндегі қосымша ақылардың ережесі мен хаттамасына сәйкес айқындалады және регламенттеледі (2-қосымша).

3.9. Бюджеттен тыс қаражат есебінен жалақы емхана қызметкерлеріне есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне дейін айына бір рет карт-шотқа аудару арқылы төленеді.

3.10. «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК ақылы қызметтер көрсету бойынша әрбір жол берілген бұзушылық жағдайлары үшін (тиісті көлемде және сапада медициналық қызметтер көрсетілмесе, көрсетілген қызметтер үшін пациенттен алынған ақыны мақсатты пайдалануына) жауапты болады.

БЕКІТІЛДІ
«СҚО әкімдігінің ДСБ» КММ-ның
«№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК
Байқау кеңесінің
2025 жылғы 26 ақпандағы
№1 шешімімен

**«№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК бойынша ақылы медициналық
және медициналық емес қызметтерді көрсету туралы қағидалары**

- 1.1. «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК ақылы қызметтер көрсету туралы осы Қағида Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақылы медициналық қызметтер көрсету тәртібі мен шартын анықтайды.
- 1.2. Осы ереже медициналық көмектің әр түрлеріне халықтың қажеттілігін барынша толық қанағаттандыру мақсатында, емделушілерге қызметтер көрсету, мамандарды еркін тандау қағидаттарын сақтау, кәсіпорын қызметінің өндірістік және экономикалық қызығушылықтарын жоғарылату үшін енгізілді және қызметкердің еңбек ақысын төлеуді оның жеке еңбек үлесімен байланыстыруға бағытталған.
- 1.3. Ақылы медициналық қызметтерді көрсету мақсаты тегін медициналық көмектің кепілді көлемінен артық көрсетілетін медициналық көмектің әр түрлеріне халықтың қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады.
- 1.4. Медициналық қызметтер көрсету 2017 жылғы 30 наурызда берілген сериясы №01452 ДТ Мемлекеттік лицензияға және оған медициналық, дәрігерлік қызмет түрлері бойынша қосымшаларға сәйкес жүргізіледі.
- 1.5. Денсаулық сақтау ұйымдарының ақылы медициналық (амбулаториялық-емханалық, стационарды алмастыратын, зертханалық және басқа да) қызметтер көрсетуге құқығын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілер:
 - «Халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009.18.09. №193-IV Кодексінің 7-бабы 59 тармақшасы және 202-бабының 8-тармағы;
 - «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде ұсынылатын медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығы
 - «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 16 қазандағы № 672 қаулысы.

- «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысы.
- «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413- IV ҚР Заңы;

1.6.«№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК, соынмен қатар тікелей қызмет көрсетуші маман азаматтар жүгінген сәттен бастап ақылы медициналық қызметтің уақытылы және сапалы көрсетілуіне жауапты болады.

2.Ақылы қызмет көрсету тәртібі

- 2.1. «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК ақылы негізде көрсетілетін медициналық көмекті (ақылы медициналық қызметтерді) стандарттарға сәйкес шарттық негізде көрсетеді.
- 2.2. Ақылы қызмет түрлері мен баға прейскурантын Байқау кеңесі бекітеді.
- 2.3. Халыққа арналған ақпарат медицина ұйымының интернет ресурсында орналастыру арқылы және корнекі ақпарат арқылы жеткізіледі:
 - ақылы қызмет көрсетуге денсаулық сақтау ұйымының құқығын реттейтін құқықтық актілерге сілтеме;
 - Ақылы медициналық қызмет көрсетуші медицина қызметкерлерінің біліктілігі туралы мәліметтер (1-қосымша) ;
 - Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында ақылы қызмет көрсетуге қатысатын медицина қызметкерлерінің жұмыс режимі, жұмыс кестесі;
 - Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі және (немесе) Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмектің тізбесі.
- 2.4. ҚР жекелеген азаматтары үшін растайтын құжаттарын көрсеткен жағдайда берілетін жеңілдіктер:
 - ҰОС ардагерлері мен қатысушылар, концлагерь тұтқындары- тегін;
 - I топ мүгедектері (медициналық комиссия) – тегін;
 - II топ мүгедектері (медициналық комиссия)– 50%;
 - ҰОС ардагерлері жеңілдіктері мен кепілдіктеріне теңестірілген тұлғалар (медициналық комиссия)– – 50%;
 - бала жасынан мүгедектер (медициналық комиссия) – 50%;
- 2.5. «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК-да келесі жағдайларда ақылы медициналық қызмет көрсетіледі:
 - 1) олардың бастамасы бойынша, оның ішінде бастапқы және қайталама деңгейдегі мамандарға жолдамай медициналық көмек көрсету;

- 2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінен тыс және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету;
- 3) денсаулық сақтау ұйымының дәрілік формулярына енгізілмеген дәрілік заттармен емдеу;
- 4) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмектің тізбесіне кірмейтін және (немесе) медициналық көрсетілімдерсіз медициналық зерттеулер жүргізу;
- 5) Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінде көзделмеген және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру көлемінен тыс медициналық зерттеп-қарау;
- азаматтарды жұмысқа және оқуға түсу үшін медициналық тексеру, көлік құралдарын басқару құқығын алуға үміткер адамдарға медициналық тексерулер жүргізу, тиісті жолдамасыз санаторлық емдеу және басқа да міндетті медициналық тексерулер кезінде;
 - «Аалдын ала міндетті медициналық тексеруден оту» мемлекеттік қызметі ҚР ДСМ 15.10.2020 ж. №ҚР ДСМ-131/2020 бұйрығы негізінде (075/е нысаны бойынша медициналық анықтама) ақылы түрде көрсетіледі; тіркелген жері бойынша 18 жасқа дейінгі балаларға тегін көрсетіледі.
 - Пациенттің еркі бойынша анықтама сұрау кезінде;
- 6) тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарды қоспағанда, шарт бойынша, оның ішінде ерікті медициналық сақтандыру бойынша медициналық көмек көрсету;
- 7) Кодекстің 83-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға медициналық көмек көрсету арқылы жүзеге асырылады.

2.6. Ақылы негізде медициналық көмек алатын пациенттерге ұйым:

- Кодекстің 7-бабының 31) тармақшасына сәйкес бекітілген нысан бойынша консультациялық-диагностикалық көмек көрсету кезінде тиісті медицина қызметкерлерінің медициналық қорытынды;
- стационарды алмастыратын көмек көрсету, қалпына келтіру емі және медициналық оңалту кезінде амбулаториялық картадан және ауру тарихынан үзінді көшірме..
- Көрсетілген қызметтің тізімі, саны мен бағасы туралы ақпарат беріледі.

3. Ақылы медициналық қызмет көрсету шарттары

3.1. Пациенттермен есеп айырысу:

- қолма-қол ақшамен есептесу, емхананың кассасы арқылы ақша төлегені үшін кассалық аппарат арқылы фискальді чектің берілуімен;
- «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК-ның «Ақылы қызметтерден түскен қаражат» арнайы есебіне ақша аудару арқылы есептесу;

3.2. Медициналық қызметке ақы төлеу кезінде пациент пен ұйым арасындағы шарт ақылы қызмет көрсеткенге дейін жасалады.

3.3. Төленген сома немесе төленген сома мен көрсетілген қызмет арасындағы айырма сомасы келесі жағдайда қайтарылады:

- қызмет толық көлемде көрсетілмесе (пациент қызметтен бас тартса, жекелеген емшараларға қарсы көрсетілім болса, реактивтің болмауынан медициналық қызмет көрсетілмесе, медициналық аппарат істен шыкса, маманның болмауынан және т.б.)

3.4. Медициналық қызметтерге ақы төлеу ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде тегін медициналық көмек алатын азаматтарға зиян келтіре отырып, кезектен тыс қызмет көрсету құқығын бермейді.

3.5. Ақылы қызмет бағаларының преискуранты медициналық қызмет көрсетуге байланысты шығындардың барлық түрлерін ескере отырып, оларды өндіруге жұмсалған шығындардың толық өтелуін қамтамасыз ете отырып, қызметтің өзіндік құны мен нарықтық бағалар негізге алына отырып айқындалады. Сондай-ақ кәсіпорынның басқа кірісін тарту мақсатында пайдалы бөлігін ескере отырып. Байқау кеңесімен келіседі.

3.6. «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК-да «Қаржылық есептік халықаралық стандартына сәйкес бухгалтерлік есеп» есеп саясатына сәйкес ТМККК мен ақылы медициналық (диагностикалық, басқа) қызметтер көрсету бойынша жеке-жеке бухгалтерлік есеп пен есеп беру жүргізеді.

3.7. Ақылы қызметтер көрсетуден және табыс әкелетін өзге де қызметтен алынған ақшалай қаражат осы қызметтерді ұсынумен байланысты шығыстардың баптарын қаржыландыруға (жалақы, қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына үстемеақылар, салықтар, коммуналдық шығыстар, материалдық шығындар); жас мамандарға тұрғын үйді жалға алу ақысын төлеуге; қажеттіліктерге сәйкес өзге де шығыстарға жіберіледі.

3.8. Ақылы медициналық көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыруға, көрсетуге қатысатын қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу медициналық көмектің нақты көрсетілген көлемі үшін жүзеге асырылады және көрсетілетін қызметтерді алушыдан емхананың кассасына немесе есеп айырысу шотына қаражат түскен жағдайда жүргізіледі, ақылы қызметтер көрсету жөніндегі қосымша ақылардың ережесі мен хаттамасына сәйкес айқындалады және регламенттеледі (2-қосымша).

3.9. Бюджеттен тыс қаражат есебінен жалақы емхана қызметкерлеріне есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне дейін айына бір рет карт-шотқа аудару арқылы төленеді.

3.10. «№1 қалалық емхана» ШЖҚ КМК ақылы қызметтер көрсету бойынша әрбір жол берілген бұзушылық жағдайлары үшін (тиісті көлемде және сапада медициналық қызметтер көрсетілмесе, көрсетілген қызметтер үшін пациенттен алынған ақыны мақсатты пайдалануына) жауапты болады.